

№ 1 топтық ата- аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №1

Тақырыбы:

«Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы педагог және қауіпсіз білім мен тәрбие»

Күні: қыркүйек

Күн тәртібінде:

- I. Дөңгелек үстел: «Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы педагог және қауіпсіз білім мен тәрбие»
- II. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру.
- III. Тренинг: «Жылы лебіз»
- IV. Кеңес: «Күн тәртібінің бала дамуындағы орны»
- V. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»

I.Тыңдалды:

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің тақырыбы – «Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы педагог және қауіпсіз білім мен тәрбие». Бала тәрбиесі – отбасы мен білім беру ұйымының ортақ міндеті. Біздің мақсатымыз – балаларымыздың бойына адамгершілік, адалдық, жауапкершілік, мейірімділік сияқты асыл қасиеттерді қалыптастырып, олардың қауіпсіз әрі бақытты ортада тәрбиеленуіне бірлесе жағдай жасау.

Талқылау сұрақтары: Адал азамат дегеніміз қандай адам? Баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасының ықпалы қандай? Баланың қауіпсіздігі үшін ата-ана мен тәрбиеші нені басты назарда ұстауы керек?

Пікір алмасу. Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөліседі: Балаға қандай отбасылық құндылықтарды үйретесіз? Қиын жағдайларда баламен қалай сөйлесесіз?

Тәрбиешінің ұсыныстары: Баламен күн сайын ашық әңгімелесуге уақыт бөлу; Жеке үлгі көрсету арқылы адалдық пен жауапкершілікті қалыптастыру; Баланың жетістігін дер кезінде мақтап, қолдау көрсету; Бала тәрбиесі – үлкен жауапкершілік. Жауапты ата-ана, қолдаушы педагог және қауіпсіз тәрбие ортасы біріккенде ғана еліміздің болашағы болатын адал, білімді, мәдениетті азамат тәрбиелей аламыз. Бүгінгі кездесуге белсенді қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіремін. Балаларымыздың жарқын болашағы үшін бірлесе еңбек етейік!

Жарыссөз: ата- ана Хаммтова А.

Ата-аналар атынан сөз сөйлеген қатысушы бүгінгі дөңгелек үстелде көтерілген мәселелердің өзектілігін атап өтті. Ол адал, жауапты әрі тәрбиелі

азамат қалыптастыруда отбасы мен білім беру ұйымының бірлескен жұмысы ерекше маңызға ие екенін жеткізді.

II.Тыңдалды: Тәрбиеші Г.Н. Губайдоллина ата-аналарды жаңа 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, жыл бойына өткізілетін іс-шаралар, балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар, қауіпсіздік шаралары, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар және алдағы мақсат-міндеттер туралы ақпарат берілді. Ата-аналар жоспармен танысып, өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.

Жарыссөз: Г.Халиуллина балабақша мен отбасының өзара тығыз ынтымақтастығының бала тәрбиесіндегі маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамгершілік және патриоттық тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстарды қолдайтындарын жеткізді.

III.Тыңдалды: педагог- психолог К.Н.Иманғалиева амандасу «Жылы лебіз» жаттығуын ұйымдастырды. Педагог-психолог ата-аналарды жылы қарсы алып, әр қатысушыдан өз есімін айтып, баласына арнайтын бір жылы сөз немесе тілек айтуын сұрайды. «Менің баламның жақсы қасиеттері» жаттығуы. Әр ата-ана өз баласының кемінде үш жақсы қасиетін атап, олардың не үшін маңызды екенін қысқаша түсіндіреді.

IV. Тыңдалды: Кеңес: «Күн тәртібінің бала дамуындағы орны» тақырыбында тәрбиеші А.Муратова

Баланың дені сау, белсенді әрі жан-жақты дамуы үшін күн тәртібін сақтау өте маңызды. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі баланың денсаулығын нығайтып, жүйке жүйесін тынықтырады, еңбекке және тәртіпке дағдыландырады. Ата-аналарға ұсыныстар: Баланы күн сайын бір уақытта ұйықтатып, бір уақытта оятуға дағдыландырыңыз; Тамақтану уақытын тұрақты сақтаңыз; Күн сайын таза ауада серуендеуге жеткілікті уақыт бөліңіз. Қимылды ойындар мен дене белсенділігін күнделікті ұйымдастырыңыз. Баланың жас ерекшелігіне сай күндізгі демалыс уақытын сақтаңыз; Теледидар, телефон және басқа да электронды құрылғыларды пайдалану уақытын шектеңіз; Кітап оқу, сурет салу, құрастыру сияқты дамытушы әрекеттерге уақыт бөліңіз; Баланы жеке бас гигиенасын сақтауға және өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйретіңіз.

Жарыссөз: ата- ана арыссөз барысында ата-аналар күн тәртібін сақтаудың баланың денсаулығы мен жан-жақты дамуына оң әсер ететінін атап өтті. Олар үй жағдайында баланың уақытылы ұйықтауы, дұрыс тамақтануы, демалысы мен ойын әрекеттерін тиімді ұйымдастырудың маңыздылығы туралы өз пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар, ата-аналар балабақшадағы күн тәртібін үйдегі тәртіппен үйлестірудің балаға жаңа ортаға бейімделуін жеңілдететінін айтып, тәрбиешінің ұсыныстарын қолдайтындарын білдірді.

V. Тыңдалды: Тәрбиеші Г.Н. Губайдоллина «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсері, оның алдын алудың маңыздылығы және жас ұрпақтың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, заңға құрмет сияқты адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың қажеттілігі туралы айтылды.

Жарыссөз: Жарыссөз барысында ата-аналар «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбының маңыздылығын атап өтті. Олар бала тәрбиесінде адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды қалыптастырудың ең алдымен отбасынан басталатынын айтты.

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша төмендегідей қаулы қабылданды:

1. Балалардың бойында адалдық, жауапкершілік, сыйластық, мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру.
2. Ата-аналар балабақша тарапынан ұйымдастырылатын іс-шараларға белсенді қатысып, тәрбиешімен тығыз байланыста жұмыс жүргізсін.
3. Ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру, өзара түсіністік пен қолдауды арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын;
4. Ата-аналарға баланың жас ерекшелігіне сай күн тәртібін қалыптастыру ұсынылсын.
5. Ата-аналар балаларға жеке үлгі көрсету арқылы адал мінез-құлық дағдыларын тәрбиелеуге көңіл бөлсін.

№ 2 топтық ата- аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №2

Күні: желтоқсан

Күн тәртібінде:

- I. «Заманауи мультфильмдердің бала психикасына тигізетін әсері»
- II. «3 жастағы балалардың жас ерекшеліктері»
- III. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуді дамыту – мектепте оңтайлы оқудың басты шарты.

I.Тыңдалды: тәрбиеші А.Б.Утешова

Тәрбиеші **А.Б.Утешова** «Заманауи мультфильмдердің бала психикасына тигізетін әсері» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында қазіргі мультфильмдердің баланың ойлау қабілетіне, мінез-құлқына, сөйлеу мәдениетіне және эмоциялық дамуына әсері туралы айтылды.

Тәрбиеші мультфильм таңдауда баланың жас ерекшелігін ескеру, мазмұны тәрбиелік мәні бар, мейірімділікке, достыққа, еңбексүйгіштікке және адамгершілікке баулитын шығармаларды таңдаудың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, ата-аналарға баланың мультфильм көру уақытын бақылау, бірге қарап, мазмұны бойынша әңгімелесу және жағымды құндылықтарды түсіндіру жөнінде кеңестер берілді.

Баланың психологиялық саулығын сақтау үшін ата-ана тарапынан бақылау мен дұрыс бағыт-бағдар берудің қажеттілігі айтылды.

Жарыссөз: Жарыссөз барысында ата-аналар «Заманауи мультфильмдердің бала психикасына тигізетін әсері» тақырыбының өзекті екенін атап өтті.

II.Тыңдалды. педагог- психолог К.Имангалиева 3 жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Баяндама барысында осы жастағы балалардың психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктері, сөйлеу қабілетінің қалыптасуы, қоршаған ортаны тануы, өздігінен әрекет етуге ұмтылысы және эмоциялық дамуы туралы айтылды. Педагог-психолог 3 жастағы балалардың «мен» деген түсінігі қалыптасып, өз пікірін білдіруге, таңдау жасауға талпынатынын атап өтті. Сонымен қатар, ата-аналарға баланың жеке ерекшелігін ескеру, оны жиі қолдау, жағымды қарым-қатынас орнату, дербестігін дамыту және жасына сай талаптар қою жөнінде кеңестер берілді.

Баланың дұрыс дамуы үшін отбасы мен балабақша арасындағы өзара түсіністік пен бірлескен жұмыстың маңыздылығы атап өтілді.

Жарыссөз: Ата-аналар педагог-психологтың кеңестерін қолдап, балалардың дұрыс дамуы мен тәрбиесі үшін балабақшамен бірлесе жұмыс жасауға дайын екендерін білдірді.

III.Тыңдалды. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуді дамыту – мектепте оңтайлы оқудың басты шарты бойынша тәрбиеші Г.Ш.Нұғманова сөз алды.

Баяндама барысында мектепке дейінгі кезеңде баланың сөйлеу қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, дұрыс дыбыстау, өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы туралы айтылды. Тәрбиеші баланың сөйлеу тілін дамытуда ата-ананың да рөлі ерекше екенін атап өтті. Баламен күнделікті әңгімелесу, кітап оқу, ертегі тыңдату, сұрақ қою арқылы ойлау қабілетін жетілдіру, жаңа сөздерді үйрету – баланың мектепке дайындығын арттыратыны түсіндірілді.

Жарыссөз: ата-аналар үй жағдайында баламен көбірек сөйлесу, ертегі оқу, тақпақ жаттау, түрлі сұрақтар қою арқылы баланың тілдік дамуына қолдау көрсету қажет екенін жеткізді. Сонымен қатар, баланың әрбір сөзін тыңдап, оның ойын құрметтеу, сөйлеуге ынталандыру маңызды екенін атап өтті.

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша төмендегідей қаулы қабылданды:

1. Ата-аналарға балалардың мультфильм көру уақытын жас ерекшелігіне сәйкес реттеу ұсынылсын;
2. Ата-аналарға 3 жастағы балалардың психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып тәрбие беру ұсынылсын;
3. Баланың сөздік қорын байыту мен байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы жалғастырылсын.

№ 3 топтық ата- аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №3

Тақырыбы: «2025- 2026 оқу жылына қорытынды жасау»

Күні: мамыр

Күн тәртібінде:

- I. Баяндама: «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту»
- II. Есеп беру: «Ата- аналарды өз балаларының даму деңгейімен таныстыру.
- III. Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру. Белсенді ата-аналарды марапаттау.

I.Тыңдалды: Н.Мұхтарова тәрбиеші «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту» тақырыбында баяндама жасады. Ол ойынның мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін, логикалық ойлауын, есте сақтауын, қиялын, зейінін және тілін дамытудағы маңызын түсіндірді. Сонымен қатар, ата-аналарға үй жағдайында баламен түрлі дамытушы ойындарды ұйымдастырудың тиімді жолдары жөнінде ұсыныстар берді.

Жарыссөз: Ата-аналар ойынның баланың жан-жақты дамуына оң әсер ететінін айтып, үй жағдайында дамытушы ойындарды жиі ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Олар тәрбиешінің ұсыныстарын қолдап, баланың ойлау қабілетін дамытуда балабақшамен бірлесіп жұмыс жүргізуге дайын екендіктерін білдірді.

II. Тыңдалды: Тәрбиеші Ж.Каресова оқу жылының қорытындысы бойынша әр баланың даму деңгейімен ата-аналарды таныстырды. Балалардың танымдық, сөйлеу, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуындағы жетістіктері туралы мәлімет беріліп, алдағы уақытта назар аударуды қажет ететін бағыттар бойынша ұсыныстар айтылды.

Жарыссөз: Ата-аналар балалардың жетістіктері туралы ақпарат үшін алғыстарын білдіріп, тәрбиешімен бірлескен жұмыстың нәтижелі болғанын атап өтті. Олар жаз мезгілінде де балалардың алған білімдері мен дағдыларын дамыту жұмыстарын жалғастыруға ниетті екендерін жеткізді.

III. Тыңдалды: Тәрбиеші Н.Мұхтарова жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы баяндады. Ата-аналарға жол қозғалысы ережелерін сақтау, су айдындарында қауіпсіздік талаптарын орындау, күннің ыстық уақытында балаларды қорғау, өрт қауіпсіздігі және көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жиналыс соңында балабақша өміріне белсенді қатысып, оқу жылы бойы ынтымақтастық танытқан ата-аналарға Алғыс хаттар табысталды.

Жарыссөз: Ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне қатысты берілген кеңестердің маңыздылығын атап өтіп, жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтайтындарын жеткізді. Сонымен қатар, көрсетілген құрмет үшін алғыстарын білдіріп, алдағы уақытта да балабақшамен тығыз байланыста жұмыс жасауға дайын екендіктерін айтты.

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша төмендегідей қаулы қабылданды:

1. Балалардың танымдық және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында үй жағдайында жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы ойындарды жүйелі ұйымдастыру ұсынылсын.
2. Тәрбиешінің ұсыныстары негізінде балалардың білім, білік және дағдыларын дамыту жұмыстары үй жағдайында жалғастырылсын.
3. Жазғы демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-аналардың басты міндеті екені ескерілсін.

Оқу жылы бойы балабақша өміріне белсенді қатысып, тәрбие жұмысына қолдау көрсеткен ата-аналарды Алғыс хатпен марапаттау туралы шешім бекітілсін.